



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Семей мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры Ерлан Бәтташұлы Сыдықовтың бастамасымен педагог мамандар біліктілігін арттыру және қайта даярлау аймақтық орталығы жанынан аталмыш орталық құрылған болатын.

Мұнда мемлекеттік тілді меңгеруге ниет білдірген жеке тұлға, мекемелер мен кәсіпорындар қызметкерлері тапсырыс беру арқылы мемлекеттік тілді үйренуде. Арнайы тестілеу сынағының қорытындысы бойынша тыңдаушылар бастапқы кезең, орташа деңгей және мемлекеттік тілде іс-

Елбасы Н. Назарбаевтың биылғы Жолдауын жүзеге асыру және мемлекеттік тілді дамыту бағдарламасын жетілдіру мақсатында Семейде «Мемлекеттік тілді оқыту орталығы» ашылды.

қағаздарды жүргізу циклына бөлінеді. Қазіргі кезге дейін ШҚО салық комитетінің 48 және Семей қаласындағы қаржы полициясы басқармасының 10 қызметкері өтті. Осы күндері аталмыш органдармен қатар, әкімшілік және статистика бөлімінің жұмыскерлері арнайы курстан өтіп жатыр.

Семей қаласы әкімшілігінің 105 қызметкерімен қоса, Шығыс Қазақстан облыстық салық комитетінің 68 маманы «Мемлекеттік тілді оқыту

орталығынан» арнайы курстан өтпек.

Орталық қазіргі заманғы озық технологиялық құралдармен, ресурстық базасымен, компьютерлік сынып, жан-жақты байланысқа шығу мүмкіндігіне ие интерактивті тақта, әдістемелік кабинеттің мол оқу-әдістемелік әдебиет, жинақтарымен жабдықталған.

Сондай-ақ, «Мемлекеттік тілді оқыту орталығы» жанынан «Мемлекеттік тілді меңгеруге арналған

«Шаңырақ» маусымдық лагері» ашылып, арнайы жұмыс бағдарламасы жасалды.

Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» деген сөзін келтіре отырып, институт ректоры Ерлан Бәтташұлы орталық жұмысына қажетті барлық мүмкіндіктерін жұмылдыратынын жеткізді.

Асқар ҚҰМАР,
СМПИ баспасөз
қызметі.